

**Ресей Федерациясы Волгоград облысының Палласовск суару-суландыру жүйесінен
Қазақстан Республикасы Батыс Қазақстан облысының Жәнібек суару-суландыру
жүйесіне берілетін суару суын кедендік декларациялау және су салығын төлеу
мәселелерін реттеу жөнінде жұмыс тобын құру туралы**

Қазақстан Республикасы Премьер-Министрінің 2006 жылғы 12 сәуірдегі N 94-ө Өкімі

Ресей Федерациясы Волгоград облысының Палласовск суару-суландыру жүйесінен
Қазақстан Республикасы Батыс Қазақстан облысының Жәнібек суару-суландыру
жүйесіне берілетін суару суын кедендік декларациялау және су салығын төлеу
мәселелерін реттеу жөнінде ұсыныстар әзірлеу мақсатында:

1. Мынадай құрамда жұмыс тобы құрылсын:

Айтжанов	- Қазақстан Республикасының Ауыл
Дулат Нулиұлы	шаруашылығы вице-министрі, жетекші
Кеншімов	- Қазақстан Республикасы Ауыл
Әмірхан Қадырбекұлы	шаруашылығы министрлігінің Су
	ресурстары комитеті төрағасының
	орынбасары, жетекшінің орынбасары
Кенжеғалиев	- Қазақстан Республикасы Ауыл
Қазбек Оразайұлы	шаруашылығы министрлігінің Су
	ресурстары комитеті
	"Батыссушар" республикалық мемлекеттік
	кәсіпорнының директоры, хатшы
Садықов	- Батыс Қазақстан облысы әкімінің
Бекмырза Сұлтанұлы	орынбасары
Досымханова	- Қазақстан Республикасы Қаржы
Шолпан Шәдібекқызы	министрлігі Кедендік бақылау
	комитетінің кедендік бақылауды
	ұйымдастыру басқармасы бастығының
	орынбасары
Жақсымбетова	- Қазақстан Республикасы Қаржы
Әсел Жұматайқызы	министрлігі Мемлекеттік бюджеттің
	атқарылуын талдау және оның
	әдіснамасы департаментінің бюджеттің
	кіріс бөлігін талдау және оның
	әдіснамасы басқармасы салықтық
	түсімдер бөлімінің бастығы

Майлыбаева Светлана Қуанышқызы	- Қазақстан Республикасы Қаржы министрлігі Салық комитетінің өндірістік емес төлемдер басқармасы өндірістік емес төлемдер әдіснамасы бөлімінің бастығы
Мәмбетова Салтанат Дуанбекқызы	- Қазақстан Республикасы Қаржы министрлігі Салық комитетінің халықаралық салық салу басқармасы халықаралық ынтымақтастық бөлімінің бастығы
Шалбаев Айдар Есламбекұлы	- Қазақстан Республикасы Сыртқы істер министрлігінің Ресеймен ынтымақтастық басқармасы екі жақты ынтымақтастық бөлімінің бастығы
Евдокимов Сергей Викторович	- Қазақстан Республикасы Экономика және бюджеттік жоспарлау министрлігі Салалық органдардың шығыстарын жоспарлау департаментінің агроөнеркәсіптік кешен және қоршаған ортаны қорғау басқармасы қоршаған ортаны қорғау бөлімінің бастығы
Мұхатов Жұмабек Сәдуақасұлы	- Қазақстан Республикасы Ауыл шаруашылығы министрлігінің Су ресурстары комитеті су шаруашылығы объектілерін пайдалануды және қайта жаңартуды ұйымдастыру бөлімінің бастығы
Қасымбеков Нариман Бауыржанұлы	- Қазақстан Республикасы Әділет министрлігі Халықаралық құқық, мемлекеттің мүліктік құқықтарын қорғау, шарттар және наразылық-қуыным жұмысы департаментінің бас маманы

2. Жұмыс тобы 2006 жылғы 1 қазанға дейін Қазақстан Республикасының Үкіметіне Ресей Федерациясы Волгоград облысының Палласовск суару-суландыру жүйесінен Қазақстан Республикасы Батыс Қазақстан облысының Жәнібек суару-суландыру жүйесіне берілетін суару суын кедендік декларациялау және су салығын төлеу мәселелерін реттеу жөніндегі Ресей тарабымен келісілген ұсыныстарды енгізсін.

3. Жұмыс тобына белгіленген тәртіппен жұмыс тобының құзыретіне кіретін мәселелер бойынша орталық атқарушы және өзге де мемлекеттік органдардың

мамандарын тарту, сондай-ақ оған жүктелген міндеттерді орындау үшін қажетті ақпаратты сұрату құқығы берілсін.

4. Осы өкімнің іске асырылуын бақылау Қазақстан Республикасы Ауыл шаруашылығы министрлігіне жүктелсін.

Премьер-Министр

© 2012. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің «Қазақстан Республикасының Заңнама және құқықтық ақпарат институты» ШЖҚ РМК